

Көкшетау қаласының аумағында 2005-2007 жылдары Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысын дамыту мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шегінде құрылған тұрғын үй сатып алу және сату типтік келісімшартын бекіту туралы

Күшін жойған

Көкшетау қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 26 маусымдағы N А-6/839 қаулысы. Көкшетау қаласының әділет басқармасында 2006 жылғы 5 шілдеде N 1-1-49 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облыс Көкшетау қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 23 қыркүйектегі № А-9/1810 қаулымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыс Көкшетау қаласы әкімдігінің 2009.09.23 № А-9/1810 қаулымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымындағы N 1388 Жарлығымен бекітілген 2005-2007 жылдары Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамыту мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатына сәйкес қалалық әкімдігі

қ а у л ы **е т е д і :**

1. 1, 2 қосымшаларға сәйкес Көкшетау қаласы аймағында Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй салуды дамыту мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде салынған тұрғын үйлерді сату-сатып алу типтік келісім шарттары бекітілсін.

2. Жоғарыда көрсетілген келісім-шарттарға қол қою құқығы "Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына жүктелсін.

3. Осы қаулы Көкшетау қаласының әділет Басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен соң күшіне енеді.

4. Осы қаулы ресми жарияланған уақыттан бастап қолданысқа енеді.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қала әкімінің м.а.

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 6 . 0 6

N А-6/839 әкімдіктің қаулысына

1 қосымша

**Қазақстан Республикасының 2005-2007 жылдарға арналған
тұрғын үй салуды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру шегінде
сату-сатып алу келісім шарты**

Көкшетау қаласы _____ ЖЫЛҒЫ
(Мерзімі жазбаша)

№ _____

Осы келісім шарт Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымындағы № 1388 Жарлығымен бекітілген 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында тұрғын үй салуды дамыту Мемлекеттік бағдарламасын және комиссияның _____ орындау ү ш і н ж а с а л д ы .

Өкілетті орган - "Көкшетау қаласының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі "**Сатушы**" деп аталатын _____ қаулы негізінде әрекет жасайтын бөлім бастығы тұлғасындағы бірінші тарап және Қазақстан Республикасының азаматы (**аты-жөні**) _____, **туған жылы** _____ (куәлік Нөмірі _____ Қазақстан Республикасының ПМ _____ берген), Көкшетау қаласындағы келесі мекен-жай бойынша _____ бұдан әрі "**Сатып алушы**" деп аталатын азамат екінші тарап, бірлесіп "Тараптар" деп аталып, осы төмендегі сатып алу-сату келісім шартын жасады (бұдан әрі келісім шарт):

1. Келісім шарт мәні

1.1. Сатушы сатты, ал Сатып алушы Көкшетау қаласы _____ мекен-жайы, _____ үй, _____ пәтер, жалпы аумағы _____ шаршы метр, соның ішінде тұрғын аумағы _____ шаршы метр, _____ бөлмелі жайлы етілген _____ лоджиясы (балконы) бар пәтерді (**бұдан әрі - Нысан**) сатып алды.

Аталған нысан Көкшетау қаласы әкімдігінің 2005 _____ "Бір шаршы метр пайдалы аумақтың бағасын бекіту туралы" _____ қаулысымен бекітілген бағаға сәйкес _____ теңге, (соммасы қолмен жазылған) _____ жылғы _____ осы келісім шарттың 2.1-3.1 тармақтарында қаралған шарттарды пайдалану арқылы сатылды.

1.2. Осы келісім шарт жасалғанға дейін сатылатын Нысан ешкімге сатылмаған, кепілге берілмеген, тиым салынбаған болуы қажет.

2. Тараптардың міндеттері мен құқықтары

2.1. Сатушы келесі міндеттерді өзіне алады:

2.1.1. Жылжымайтын мүлікке құқығын тіркеу және онымен мәлімет жасау үшін бюджетке қаржы аударатын растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін заңмен белгіленген мерзімде Сатып алушы есебінен Нысанға меншік құқығын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады.

2.1.2. Осы келісім шарттың 3.1 тармағында көрсетілген шарттарды орындағаннан кейін Сатып алушыға пәтерді тапсырады.

2.2. Сатып алушының міндеттері:

2.2.1. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің Ақмола облысы бойынша "Жылжымайтын мүлік Орталығы комитетінің тіркеу қызметі" РМК сатып алу - сату келісім шартын мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен 10 (он) жұмыс күні ішінде Ипотекалық келісімді және арыз берушімен банк займы Келісім шартын және осы келісім шарттың 1.1. тармағында көрсетілгендей Сатушыға нысан бағасының толық сомасын төлегенін растайтын құжатты ұсынуы керек.

2.2.2. Осы келісім шарт жасалғаннан кейін 25 (жиырма бес) күнтізбелік күн өткен соң бюджетке төлем түспеген жағдайда осы келісім шарттың 6.1. тармағын есепке ала отырып келісім шарт бір тарапты тәртіпте бұзылады.

2.2.3. Көрсетілген объектке меншік құқығы алынғаннан кейін үш жылға дейін осы объекті таратуға байланысты қандай да бір әрекет жасауға болмайды.

3. Нысанды қабылдау тапсыру тәртібі

3.1. Нысанды сатып алушыға тапсыру сәйкесті органның (органдар) төлемді растауы шартымен осы Келісім шарттың 1.1. тармағында көрсетілген пәтер бағасы сомасын төлегенін растайтын құжаттарды Сатушыға ұсынғаннан кейін тапсырылады.

4. Меншік құқығы

4.1. Осы келісім шарттарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің Ақмола облысы бойынша "Жылжымайтын мүлік орталығы комитетінің тіркеу қызметі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнында Нысанға меншік құқығын тіркеуді жүзеге асырғаннан кейін сатып алушының меншіктік құқығы туындайды.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Осы келісім шарттың шарттарын тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны жағдайында Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына және осы келісім шарт қарастырған жауапкершілікте болады.

5.2. Сатып алушының кенеттен қайтыс болуы осы келісім шарт күшіне енген күннен бастап Сатып алушыға жүктеледі.

6. Басқа да шарттары

6.1. Осы келісім шарт төмендегі жағдайлар негізінде бұзылуы мүмкін:

*Төлем бойынша қызметтерді орындамау;

*Тараптардың келісімі;

*форс-мажорлық жағдайлардың туындауы;

*сот шешімі мен қаулысы

*Қазақстан Республикасы заңнамалары қарастырған басқа негіздер.

6.2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 330,386,388 баптары тараптарға түсіндірілді.

6.3. Осы келісім шартты және Нысанға меншік құқығын мемлекеттік тіркеуден өткізуге шығындарды Сатып алушы төлейді.

6.4. Келісім шарт 3 (үш) дана жасалған, сатып алушыға, Сатушыға, Қазақстан Республикасының әділет Министрлігінің Ақмола облысы бойынша " Жылжымайтын мүлік Орталығы комитетінің тіркеу қызметі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына бір-бірден беріледі, барлығының тең заң күші бар.

7. Тараптар қолы.

С а т у ш ы :

С а т ы п а л у ш ы :

Б а с т ы қ :

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 6 . 0 6

№ А - 6 / 8 3 9 ә к і м д і к т і ң қ а у л ы с ы н а

2 қосымша

**Қазақстан Республикасының 2005-2007 жылдарға арналған
тұрғын үй салуды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру шегінде
сату-сатып алу келісім шарты**

Көкшетау қаласы

_____ ЖЫЛҒЫ

(Мерзімі жазбаша)

№ _____

Осы келісім шарт Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымындағы № 1388 Жарлығымен бекітілген 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында тұрғын үй салуды дамыту Мемлекеттік бағдарламасын және комиссияның _____ орындау ү ш і н ж а с а л д ы .

Өкілетті орган - "Көкшетау қаласының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі "**Сатушы**" деп аталатын _____ қаулы негізінде әрекет жасайтын бөлім бастығы тұлғасындағы бірінші тарап және Қазақстан Республикасының азаматы (**аты-жөні**) _____, **туған жылы** _____ (куәлік нөмірі _____ Қазақстан Республикасының ІІМ _____ берген), Көкшетау қаласындағы келесі мекен-жай бойынша _____ бұдан әрі "**Сатып алушы**" деп аталатын азамат екінші тарап, бірлесіп "Тараптар"»деп аталып, осы төмендегі сатып алу-сату келісім шартын жасады (бұдан әрі келісім шарт):

1. Келісім шарт мәні

1.1. Сатушы сатты, ал Сатып алушы Көкшетау қаласы _____ мекен-жайы, _____ үй, _____ пәтер, жалпы аумағы _____ шаршы метр, соның ішінде тұрғын аумағы _____ шаршы метр, _____ бөлмелі жайлы етілген _____ лоджиясы (балконы) бар пәтерді (**бұдан әрі - Нысан**) сатып алды.

Аталған нысан Көкшетау қаласы әкімдігінің 2005 _____ "Бір шаршы метр пайдалы аумақтың бағасын бекіту туралы» _____ қаулысымен бекітілген бағаға сәйкес _____ теңге, (соммасы қолмен жазылған) _____ жылғы _____ осы келісім шарттың 2.1-2.2 тармақтарында қаралған шарттарды пайдалану арқылы сатылды.

1.2. Осы келісім шарт жасалғанға дейін сатылатын Нысан ешкімге сатылмаған, кепілге берілмеген, тиым салынбаған болуы қажет.

2. Тараптардың міндеттері мен құқықтары

2.1. Сатушы келесі міндеттерді өзіне алады:

Осы келісім шарттың 1.1 тармағында көрсетілген шарттарды орындап Сатып алушыдан нысанның құнын төлегенін растайтын құжаттарды алғаннан кейін Нысан сатып алушының меншігіне тапсырылады.

2.2. Сатып алушының міндеттері:

2.2. Нысанды қабылдап, осы келісім шартқа қол қойған сәтте сәйкесті органның төлемі туралы құжаттарын ұсынып және осы келісім шарттың 1 тармағында көрсетілген соманы төлеу.

3. Меншік құқығы

4.1. Осы келісім шарттарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің Ақмола облысы бойынша "Жылжымайтын мүлік орталығы комитетінің тіркеу қызметі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнында Нысанға меншік құқығын тіркеуді жүзеге асырғаннан кейін сатып алушының меншіктік құқығы туындайды.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Осы келісім шарттың шарттарын тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны жағдайында Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына және осы келісім шарт қарастырған жауапкершілікте болады.

5.2. Сатып алушының кенеттен қайтыс болуы осы келісім шарт күшіне енген күннен бастап Сатып алушыға жүктеледі.

6. Басқа да шарттары

6.1. Осы келісім шарт төмендегі жағдайлар негізінде бұзылуы мүмкін:

* Тараптардың келісімі;

* форс-мажорлық жағдайлардың туындауы;

* сот шешімі мен қаулысы

* Қазақстан Республикасы заңнамалары қарастырған басқа негіздер.

5.2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 330, 386, 388 баптары тараптарға түсіндірілді.

5.3. Осы келісім шартты және Нысанға меншік құқығын мемлекеттік тіркеуден өткізуге шығындарды Сатып алушы төлейді.

5.4. Келісім шарт 3 (үш) дана жасалған, сатып алушыға, Сатушыға, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің Ақмола облысы бойынша "Жылжымайтын мүлік Орталығы комитетінің тіркеу қызметі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына бір-бірден беріледі, барлығының тең заң күші бар.

7. Тараптар қолы.

Сатушы:

Бастық:

Сатып алушы:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК